

ТУУ

СЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

октябрь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

лы программасы

ұйымдарының
ттырудың, ком-
емлекет кадрла-
партияның ішкі
болатын өзара
ұхында идеялық
йтудің маңызы

истік партиясы-
жасау туралы
ор маңызы бар.
өреетілген: пар
19 жыл) бергі,
масы қабыдан-
шінде халықара-
а, сол сыяқты
ысы саласында
л, осыған байла
ышыра қағида-
ген партияның
ішінде жүзеге
азіргі жағдай-
міндеттеріне
ніп, съезд пар-
ын қайта жасау
ілі жетті деп
программа пар-
жүзілік- тарихи
рктің, Энгельс-
арушы кеменгер
әне ұстазымыз
зм — Ленинизм
аңалықтарының
ны қайта жаса-

Сталин жолдас былай деді:

«Біздің партиямыз 1917 жылы өкметті алғаннан кейін және партиямыз капиталистік, помещиктік езүшілікті жоюға нақтылы шаралар қолданғаннан кейін, туысқан партиялардың өкілдері, біздің партиямыздың ерлігі мен табыстарына сүйсініп, оған: бүкіл дүниежүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының «Екпінді бригадасы» деген атақ берді. Бұл арқылы олар «Екпінді бригаданың» табыстары капитализмнің езүшілігінде зар илеген халықтардың жайын жеңілдетеді деп үміт артты. Біздің партиямыз бұл үмітті ақтады деп, әсіресе дүниежүзілік екінші соғыс деуірінде, Совет Одағы неміс пен жапондардың фашистік озбырлығын талқандап, Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдық хаупінен құтқарған кезде ақтады деп ойлаймын.

Әрине, «Екпінді бригада» біреу ғана, бірден-бір бригада болған кезде және оған осы озаттық рольді бір өзі дерлік орындауға тұра келген кезде, оған бұл құрметті рольді орындау өте қиын болды. Бірақ бұл өтті. Көзір — іс мүлде басқаша. Көзір Қытай мен Кореядан Чехословакия мен Венгрияға дейін халықтық- демократиялық елдер түрінде жаңа «Екпінді бригадалар» пайда болған кезде, — көзір біздің партиямыздың күресіне жеңілдік туды, оның үстіне жұмыстың өзі де көңілдірек алға басты».

Сталин жолдасын бүкіл дүниежүзілік

Сталин жолдасын сәулетті ақыл-ойы, қуатты еркі және адамға деген шексіз сүйіспеншілігі жаңа табыстарға жетудің кепілі, партиямыздың XIX съезі алға қойған коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай орындаудың кепілі болып табылады.

К. Е. ВОРОШИЛОВ.

Совет халқы Ленин—Сталин партиясына шексіз сүйіспеншілігі мен берілгендігін білдіруде




В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон кеме қатынасы каналы.
СУРЕТТЕ: Еділдің жоғарғы жағынан

Бұрынғыдан да жақсы еңбек етеміз

ФРУНЗЕ, 18 октябрь. (СОТА). Эскаваторлар болашақ каналдардың арнасын қазып жатыр. Олардың соңынан трактор скреперлері мен бульдозерлер кетіп барады. Автомашиналармен плотиналардың жағалауына топырақ үйіліп жатыр, бұл арада су қоймасы жасалмақ. Қоймаға жарты миллиард текшеметрге дейін су сыяды.

Қырғызстанның Шу алқабында зор ирригациялық құрылыс жүріп жатыр. Коммунистік партияның XIX съезінің тарихи қарарлары мен ұлы Сталиннің сөзі құрылысшылар арасында бұрын-соңды болмаған зор өрлеу турғызды. Барлық объектілерде әңгімелер, партияның XIX съезінің материалдарын оқу ұйымдастырылған. Эскаватор машинашысының көмекшісі Михалков жолдас жолдастарының пікірін білдіріп, былай деп мәлімдеді:

—Қырғыз эскаватор станциясының механизаторлары жылдық жоспардан тыс 4 мың текшеметр топырақ қазды. Бейбітшілікті нығайту, Отанымыздың



Сталинград су электр станциясының құрылысында.
СУРЕТТЕ: ұялап қазған жерге шпунт-

процессуалары» деген данышпандық шығармасы партия мен совет халқын идеялық жағынан қаруландырады, социалистік экономиканы өркендетудің ғылыми негіздерін белгілейді, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолдарын көрсетеді.

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары партияның социалистік экономиканы өркендетудің Сталин жолдас ашып, ғылыми жолмен негіздеп берген заңдарын басшылыққа ала отырып, бір экономикадан, социализм экономикасынан— екінші бір, жоғары экономикаға, коммунизм экономикасына негізінен өтудің ұлы міндеттерін іс жүзінде қалай шешіп отырғанының айқын айғағы болып табылады.

Съезд партияның атын өзгерту туралы тарихи қарар қабылдады. Жұртқа мәлім, партиямыздың «коммунистік» — «большевиктік» деген екі аты тарихта меньшевиктерге қарсы күрестің нәтижесінде пайда болып, меньшевизмнен бөлектену мақсатын көздеген еді. Алайда, ССРО-да меньшевиктік партия көптен бері-ақ жойылып кеткендіктен, партияның екі аты болуы мәнісін жойды, оның үстіне «коммунистік» деген ұғым партияның міндеттерінің маркстік мазмұнын барынша айқын білдіреді, ал «большевиктік» деген ұғым көптен бері-ақ маңызын жойған тарихи фактіні ғана: 1903 жылы партияның II съезінде лениншілдер көпшілік дауыс алып, сол себепті «большевиктер» деп аталғанын, ал, съездің оппортунистік бөлегі азшылыққа қалып, «меньшевиктер» деп аталғанын ғана білдіреді.

Біздің партиямыз бұдан былай Совет Одағының Коммунистік партиясы деп аталады. Партияның жаңа аты біздің партиямызда лениндік — сталиндік принциптердің толық және біржолата жеңгендігінің бүкіл дүниежүзілік тарихи фактісінің бейнелейді. Лениндік — сталиндік принциптердің салтанаты партияның XIX съезінде қабылданған Совет Одағының Коммунистік партиясының Уставында айқын бейнеленді. Устав партияның бірлігін оған

Партияның XIX съезінің жұмысы күндерінде біздің Лениндік — Сталиндік ұлы партиясына еңбекшілердің сүйіспеншілігі, шетелдердің туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының сенімі съезге, Сталин жолдасқа арналған сан алуан құттықтауларда айқын бейнеленді. Съезге көптеген коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдері қатысты. Съезге өз өкілдерін жібере алмаған коммунистік партиялар Ленин — Сталин партиясына сүйіспеншілікпен сенім білдірген құттықтау хаттар жіберді.

«Правдада» жарияланған туысқан коммунистік және жұмысшы партиялар өкілдерінің XIX съезде сөйлеген құттықтау сөздерінің текстері, съездің атына түскен сан алуан телеграммалар — марксизм-ленинизмнің өмір орнықтырушы ұлы күшін, пролетарлық интернационализм принциптерін, ССРО-дағы коммунистік құрылыстың табыстарының дүниежүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының дамуына жасап отырған орасан зор ықпалын көрсететін аса көрнекті халықаралық маңызы бар документтер.

Партияның XIX съезінде сөйлеген өзінің тарихи сөзінде Сталин жолдас өкілдері съезге қатынасып құрмет көрсеткен немесе съезге арнаулы құттықтаулар жіберген барлық туысқан партиялар мен топтарға, — достық құттықтаулары үшін, табысты болуымызға тілектестігі үшін, сенім білдіргені үшін съездің атынан алғыс айтты. Сталин жолдас алғыс айта келіп, мынаны атап көрсетті: біздер үшін бұл сенім ерекше бағалы, мұның өзі біздің партиямызды оның халықтардың нұрлы болашағы үшін күресінде, оның соғысқа қарсы күресінде, оның бейбітшілікті сақтау жолындағы күресінде қолдауға әзірлікті көрсетеді. Біздің партиямыз туысқан партияларға қарыздар болып қала алмайтыны, ол өз тарапынан оларды, сол сыяқты олардың халықтарын азаттық жолындағы күрестерінде, бейбітшілік сақтау жолындағы күрестерінде қолдауға тиіс екені түсінікті. Жұртқа мәлім, біздің партия нақ осылай істеп келеді.

ешкім жоқ».

Сталин жолдасын «капитал үстемдік жүргізіп отырған елдердегі туысқан партиялардың табысты болып, жеңіске жетуіне сенуге толық дәлел бар» деген сөздері бүкіл дүние жүзінің қалың халық бұқарасының санасына нық орнайды. Осы сталиндік дана сөздерден бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күрескерлер өздерінің әділ ісінің салтанаты жолындағы күресі үшін жаңа күштер, жаңа жігер мен қуат алатын болады.

Совет адамдары, барлық елдердің еңбекшілері Сталин жолдасын данышпандық шығармаларынан, оның әрбір сөзінен кәзіргі заманның нағыз көкейтесті мәселелеріне жауап тауып, іс істеуге жігерлендіретін басшылық алады.

Біздің қуатты Отанымыз өз күштерін көркейтпін, жаңа табыстарға қарай алға басуда. Бізде толық коммунистік қоғам орнату үшін не керектің бәрі бар. Совет елінің табиғат байлықтары ұшан-теңіз. Біздің мемлекетіміз осы орасан зор байлықтарды еңбекшілердің игілігі үшін пайдалануға қабілетті екендігін дәлелдеп берді. Совет Одағының халықтарын ұрыстарда сыннан өтіп, шыныққан, лениндік — сталиндік саясатты бұлжытпай жүргізіп отырған партия басқарып отыр.

Партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен қаруланды, Сталин жолдасын сөзімен, социализмнен коммунизмге өту жолдары туралы оның ілімімен жігерленген Совет халқы өзінің күш жігерін бейбіт құрылысқа жұмсауда, сталиндік бесінші бесжылдықты орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуде, жаңа ұлы жеңістерге қарай сеніммен алға басуда.

Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен, сүйікті көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдасын данышпандық бастауымен — коммунизмнің салтанатына қарай алға баса берейік! («Правданың» 16 октябрьдегі басмақаласынан).

Азық-түлік молшылығын жасайық

ЕЛИЗАВЕТОВКА, (Сталин облысы), 18 октябрь. (СОТА). Маринек ауданындағы Хрущев атындағы тұқым шаруашылығы колхозының егіншілері партияның XIX съезінің қарарларын зор өрлеумен қарсы алды. Колхоз председатели, Социалистік Еңбек Ері С. Е. Вешуля СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде былай деді:

—Еліміздің ауыл шаруашылығында қол жеткен табыстарында біздің еңбегіміздің де үлесі бар. Соғыстан кейінгі жылдарда өзіміздің егін даламызда шығымды сорттардың — суыққа төзімді «ОД—3» күздік бидайдың, «Народная», «Артемовка» азықтық бидайларының, «Донецкий» арпасының және басқаларының тұқымдарын өсірдік. Бұл басқа колхоздардың жүздеген мың гектар жерге сортты тұқым сеуіп, егін шығымдылығын едәуір арттыра түсуіне мүмкіншілік берді.

Жаңа кездемелер

ИВАНОВО, 18 октябрь. (СОТА). Кохомск мақта-мата комбинаты еркектердің, әйелдер мен балалардың көйлегіне лайықты көркем әшекейленген кездемелердің алғашқы тобын өндірді. Жартылай жібек кездемелерді жаппай өндіру басталды. Комбинат жыл аяғына дейін жасанды жібек аралас жоғары сапалы 600 мың метрден аса мақта-мата кездемелерін жасап шығарады.

ПАРТИЯНЫҢ XIX СЪЕЗІНДЕ ЖАСАҒАН М. З. САБУРОВТЫҢ БАЯНДАМАСЫ БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Претседатели М. З. Сабуровтың партияның XIX- съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары туралы баяндамасын жеке кітапша етіп басып шығарды. Кітапшаның тиражы 1 миллион дана. (СОТА).

бұл бүкілхалықтымізге жоспардан тауың пұт құм-шев

Ракитянск, Та «Коммунар» завод бірнеше вагон қар

Солтүстік ауыл ша

ОҢТҮСТІК СА (СОТА). «Арктика суық тундрасы, ө Сахалинде чайдалды» — бұл аралды жарты ғасыр бүрнеді.

Совет адамдары Оха қаласында апылдық көрмесіне жафель, капуста, дө сақ, сәбіз қойылған Солтүстік Сахалин рынғы тундралардырылған көмекші өсірілген. Шаруашылары ССРО ғы Сахалин филиалының басшылығыме

Бесжылдық жосшылардың көмек бірнеше есе ұлғаймысшылары овощ етілетін болады.

Еділ-Ахт

ВОЛЖСКИЙ, (Ст октябрь. (СОТА) электр станциясы мен Ахтуба аралы алты километрлік аяқталады.

Бұл канал Ахтуболмақ.

Канал құрылған әдіспен салынды.

съезінде А. И. Микоян жолдастың сөйлеген сөзі

жрибенің көрсетін беру» колхоздарға айырбасы системек колхоздарында ауаларға едәуір

н және Отаны-кезеңінде қоғам-ен жолдары ауа-ғылымға Сталин яқтардың бәрін йінше, өмір сүру, су мүмкін емес.

ның жарық нүз-ға жол көрсету-н беріп, біздің спец алға басуы-

ализм неғұрамы ындағыдан жоға-зінде ғана, өнім арының молшы-ң барлық мүше-өдениетті тұрмы-алады» деп үй-

ілік тұтынатын ттары өндірісін ар жеңіл өнер-бін онан әрі, ді.

қ заттарын жа-тамақ өнеркәсі-сыпатына ай-мыздың үнемі ық сай келеді. өнімдері, балық, басқа сондай ұтынылуы тез ден-ак нан өн-баюлау өсуі-

мақта-матаның н жоғары сапа-

тік малды неғұрлым тез көбейтуге және сүт молшылығын жасауға ерекше көңіл-бөле аламыз және бөлуге тиістіміз. Ет өндіруді ұлғайту ісінде ет өнеркәсібінің қызметкерлерімен қатар совхоздар мен колхоздардағы мал шаруашылығы қыз-меткерлері шешуші міндет атқарады.

1952 жылы балық аулау 1940 жыл-ғыдан 70 процент дерлік ұлғайды.

1952 жылы балық аулайтын флоттың қуаты соғысқа дейінгіден 3,2 есе артты, ал 1955 жылы соғысқа дейінгіден 4,5 еседен аса ұлғаяды.

Жалпы ауланған балық ішінде ашық теңізде ауланғаны соғысқа дейін 48 про-цент болса, кәзір 66 процентке жетті.

Ауа райының қандайында болса да, тынық уақыт пен дауылда да, қатты аяз бен күйіп тұрған жауында да, теңіз тол-қынымен арналыса, қаһармандық еңбек-тің үлгілерін, ерлік, батылдық көрсете отырып, отанға осылайша қызмет ететін ержүрек теңізші, балықшылар армиясы өсіп жетілді. Таяудағы өткен уақытта ба-лықшылардың көпшілігінен желкенді қа-йықтарды және ауларды басқара білу талап етілсе, кәзір балықшылардан балық аулайтын мінсіз құралдармен жабдықтал-ған, осы күнгі өздігінен жүретін теңіз ке-мелерін басқара білу талап етіледі. Мұн-дай кемелерді басқару үшін соғыстан кей-інгі жылдарда көптеген маман кадрлар—кеме жүргізушілер, штурмандар, кеме ме-ханиктері даярланды, алайда олар әлі де жеткіліксіз. 1940 жылы бұл мамандық-тарды 740 адам үйренсе, кәзіргі уақытта бұл мамандықтарды тамаша жастарымыз-дан 12,8 мың адам үйренуде.

Алайда, Мурман және Балтық бассейндерінде балық аулау ойдағыдай ұлғайып отырса, Азов —Қара теңіз, Каспий және Қызыл Шығыс бассейндерінде бұл іс әлі де шабан.

Балық өнеркәсібі алдына зор міндет — Совет Одағының суларында өнеркәсіптік

Кәзір қант өнеркәсібі қалпына келті-рілді, маңдай алды техникамен жабдық-талған жаңа заводтар салынды. 1952 жы-лы қант өндіру 1940 жылғыдан 50 про-центтен астам артады, ал жаңа бесжыл-дықтың аяғында соғысқа дейінгіден екі есе ұлғаяды.

1951 жылы АҚШ-та қызылшадан жа-салатын қанттың өнімі 1950 жылғыдан 338 мың тонна, Францияда 142 мың тонна кеміді, ал бізде қант өндіру бұл уақыттың ішінде 454 мың тонна ұлғай-ды. Бізде 1951 жылы қызылша қанты, АҚШ-тағы қызылша қанты мен шағыр қанттың қосып есептегендегінен, 40 про-центтен астам көп шығарылды. 1952 жылы ССРО-да қызылша қанты, 1951 жылы АҚШ-та, Францияда және Англия-да өндірілген мұндай қантты қосып есеп-тегендегінен, көп шығарылды. (Қолша-палақтау).

Қант қызылшасының егіс көлемін онан әрі ұлғайтып, шығымдылығын және қант-тылығын арттыра беру керек, ал сол сыяқты күнбағыс егісінің көлемін ұлғай-тып, майлылығын арттыра беру керек.

Украинада, колхозшылардың қант қы-зылшасы дақылын өсіруге ынталылығы және Украина ұйымдарының шебер бас-шылығы арқасында, соңғы жылдарда қант қызылшасының өнімі, қант қайнату жос-парын толық және асыра орындауды қам-тамасыз етіп келеді. Алайда қызылша өсіретін басқа кейбір аудандар, әсіресе қызылша өсіру жұмысымен әлі де нашар шұғылданатын Алтай өлкесі мен Курск облысы жөнінде мұны айтуға болмайды. Қырғызстан мен Қазақстан біраз табыс-тарға жете тұрса да, өздерінің барлық мүмкіншіліктерін түгел пайдаланбай ке-леді, ал өткен жылы өнімді олар тіпті соғысқа дейінгіден де кем алды.

Халықтың тамақтануы жақсартылған-нан кейін, адамның асқа мейлін шапты-ратын әртүрлі ішімдіктердің қажет бола-тынын және оларды өндіруді ұлғайтуға

үй қажетіне пайдаланылатын электр то-пазытқыштардың, ең жақсы деген шетел-дік топазытқыштардан қалыспайтын, үш түрі бар: «Газоаппарат» заводында жаса-латын шағын топазытқыш, «Саратов»—орташа топазытқыш, «ЗИС»—үлкен топа-зытқыш. Быйыл мұндай топазытқыштар-ды өндіру 1951 жылғыдан 2 есе, ал 1955 жылы 10 есе ұлғайтылады.

Өнеркәсіп орындарынан бастап транс-портқа дейін, складтар мен магазиндерден бастап тұтынушылардың пәтерлеріне дей-ін керек болатын топазытқыштар шаруа шылығын ұлғайту совет адамдарын деп-саулыққа пайдалы дәмді тамақпен жаб-дықтауды қамтамасыз етеді, біздің ұлы партиямыз және Сталин жолдас бұған үнемі қамқорлық көрсетіп келеді. (Қолша-палақтау).

Өнеркәсіптің тамақ өндіретін тараула-рындағы министрліктері Маленков жолдас-тың баяндамасында атап көрсетілген өнер-кәсіп жұмысындағы кемшіліктерді жо-йып, өндіріс қуатының бар қорларын то-лық пайдалануға, артта қалған кәсіпоры-лардың жұмысын алдыңғы қатарлылар-дың дәрежесіне жеткізіп, жанашылдардың жұмысымен теңгеруге міндетті; өндірістегі қаржыны, шикізатты және материалдар-ды, сол сыяқты өнімді дайындау және өг-кізу жұмысындағы қаржыны үнемдеп жұмсап, өндірісті механикаландырудың және автоматтандырудың кең программа-сын жүзеге асыруға міндетті.

Бұл көрсетілген шаралардың бәрін жү-зеге асыру нәтижесінде тамақ өнеркәсібі министрліктері бөлініп бесжылдықта бел-гіленген кемінде 45 миллиард сом қаржы-ның үнемделуін қамтамасыз етуге тиіс.

Тамақ өнімдері және барлық көпшілік тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайтуда-ғы табыстарымыз және, жаңа бесжылдық-та белгіленгеніндей, қалың бұқараның әл-ауқатын онан сайын тез арттыру — Сталин жолдастың совет адамына және

беретін. Кәзір істің жайы мықтап өзгер-ді. Алайда өнеркәсіп пен сауда ұйымдары көп уақытта бұрынғысынан жұмыс іс-тейді, халықтың қандай товарларды керек-сінетінін ойдағыдай зерттемейді, товарлар-ды «тобымен» әкеледі, түр-түрін жақсы іріктеп алмайды, кейде бір ауданға неме-се бір қалаға небәрі екі-үш фасонды жә-не екі-үш размерлі, екі-үш мәнәрі сырт-қы киімдер мен аяқкиімдерді көп жібере-ді, товардың қажетті аралуан түрлері бол-майды.

Өнеркәсіптің халыққа сатуға шығара-тын товарларының сапасы мен түр-түрін тез арада жақсарту керек. Совет адамда-рының қажеті мен мүддесін орындау өнер-кәсіптің заңы болу керек.

Сауда ұйымдарының өнеркәсіпке алдын-ала заказдар беру системасын онан әрі күшейту керек, мұның өзі толық ойдағы-дай нәтиже береді.

Жақсы жабдықталған арнаулы мага-зиндерді көбейту керек, ал оларға басны-лық ету үшін, Мәскваның және Ленин-градтың үлгісі бойынша, үлкен орталық-тарда арнаулы сауда ұйымдарын құру ке-рек.

Магазиндерді жер ыңғайынан неғұрлым тиімді орналастыру ісімен қатты шұғыл-данып, бұған дейін болып келген қолай-сыз жағдайды түзету керек. Ақыр алғын-да, склад шаруашылығының өскелең де-вар айналымынан кейін қалуын жою ке-рек.

Асханалар мен ресторандарды снап са-йын көбейтіп, көпшілікті тамақтандыру орындарының жұмысын мықтап жақсар-ту керек.

Сауда қызметкерлері өздерінің маман-дығын арттырып, халықтың қажетін бі-ліп отыруға, алушыға керекті товарды ұсына білуге міндетті; сауда істей білу керек дейтін лениндік ұранның сауда қызметкерлері үшін кәзірде де зор маңы-зы бар.

ия арасындағы кәзіргі елеулі айырмашылықты, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жою жолдарын түсіндіріп береді.

Біздің товар айналымымыз социалистік меншіктің екі формасының — жалпыхалықтық және колхоздық-төнтүк меншіктің — айырмашылығына негізделетінін көрсете келіп, Сталин жолдас колхоз меншігін жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне көтеру, осының негізінде товар айналымын бірте-бірте өнім айырбасымен ауыстыру жолдарын белгілеп берді. Мұның өзі күн заңының да және товарлы шаруашылықтағы басқа атрибуттардың да қызметін қысқартуға әкеп соғады.

Сталин жолдас мемлекеттің мақта, зығыр, қызылша өсіретін және басқа сондай өнім өндіретін колхоздармен жасасқан шарттары арқылы ауылшаруашылық өнімі үшін біздің «товар беру» практикамызда өнім айырбасының бастамалары бар екенін көрсетті. Оның жоспары бойынша, бұл бастамалар ауыл шаруашылығының барлық тарауларында ұйымдастырылып, өнім айырбасының ұлғайған системасына айналдырылуға тиіс, сөйтіп колхоздар өздерінің өнімі үшін тек ақша ғана емес, көбінесе мемлекеттің қарамағындағы бұйымдардың қорланып молаюына қарай, өздеріне қажетті бұйымдар алатын болу керек. Осыған байланысты қала мен деревня арасында айырбас жасайтын саудалайындау органдарының жұмысы мықтап қайта құрылуға тиіс.

Сталин жолдастың үйретіп отырғанындай, оншама асықпай, бірақ тынбастан және жасқанбайынша, «колхоз өндірісінің басы артық өнімін товар айналымы системасынан шығарып, оларды мемлекеттік өнеркәсіп пен колхоздар арасындағы өнім айырбасы системасына қосу керек», яғни товар айналымы өрісін бірте-бірте қысқарта беріп, колхоз өндірісінің басы артық өнімін жалпы мемлекеттік жоспарға енгізуді қамтытатын өнім айырбасының өрісін ұлғайта беру керек, немесе, басқа сөзбен айтқанда, еңбек өнімін бөлудің коммунистік тәртібіне бірте-бірте көшуге

ал мұндай аудандар әлі де бар.

Нан пісіру өнеркәсібінің қызметкерлері еліміздің барлық қалаларында нан мен нан-булка тағамдардың түр-түрін көбейтіп, дәмділігін және жұғымдылығын арттыруға, өндіріс мәдениетін күшейтіп, Москва мен Ленинградтың алдыңғы кәсіпорындарының дәрежесіне жеткізуге, ал бұл қалаларда нан өндірісін онан әрі алға бастыруға міндетті.

Біз де овошты, картопты кептіру ісі мықтап артта қалып келеді. Сталин жолдастың бастауымен, картоп және овош кептіретін, кәзіргі заманға лайықты заводтар салудың зор программасы қабылданды. Бұлардың өндіріс қуаты бесжылдықтың аяғында жылына 1.100 мың тонна картоп және овош кептіруге мүмкіндік береді. Мұның өзі, жылдың қандай маусымында болса да, еліміздің қиыр және солтүстік аудандарына картоп, овош жеткізіп, халықты үнемі жабықтап отыруға қамтамасыз етеді.

Сол сияқты тоңазытылған овош пен жеміс өндіруді тез ұлғайту көзделді.

1952 жылы рынокке шығарылатын еттің орталық қоры 1948 жылғыдан — картопқа система жойылғаннан кейінгі алғашқы жылғыдан — 2,3 есе көбейтілді. Бесінші бесжылдық жоспар бойынша, ет өндірісі орта есеппен жылына 14 процент арттырылады, ал бесжылдықтың аяғында ет 1940 жылғыдан екі есе көп өндірілуіне тиіс.

1951 жылы Құрама Штаттарда ет өндірісі 1946 жылғыдан 437 мың тонна кемітпесе, Совет Одағында бұл уақыттың ішінде ет өндірілуі 709 мың тонна ұлғайтылды.

Елімізде ет өнімінің мықтап өсуіне қарамастан, бірешыра қалаларда халықтың ет өнімдерін керексінуі әлі толық өтелмей отырғанын, өйткені халықтың етті тұтынуы оның өндірілуінен шапшаң өсіп отырғанын айту қажет.

Кәзіргі уақытта, Маленков жолдастың өте дұрыс айтқанындай, астық мәселесі біржолата шешіліп отырғанда, біз мал шаруашылығын тез өркендетуге, қонды ет-

арттыруға толық мүмкіншілік бар. Мұның үшін балық аулайтын флотқа қызмет ететін жағалаудағы базаларды нығайту керек, жаңа базалар жасау керек, балық өндейтін кәсіпорындарды онан сайын көп салып, балық аулауды және балық өңдеуді механикаландыру дәрежесін арттыру керек, балықшыларға арнап тұрғын үйлер салуды күшейту керек.

1951 жылы Құрама Штаттарда сарымай өндіру 1940 жылғыдан 281 мың тонна кемісе, Совет Одағында бұл уақыттың ішінде сарымай өндіру 132 мың тонна артты, үйде өндірілетін көптеген сарымай бұл есепке кірмейді.

Бесжылдықтың соңғы жылында СССР-да сарымай өндіру соғысқа дейінгіден 2,7 есе, сыр өндіру 3 еседен аса, маргарин 3 есе ұлғайтылады.

Май өндіру мұндай тез өсіп отырғанда, біздің бұл өнімді өткізу ісінде қиыншылықтарға кездесуіміз мүмкін сияқты еді. Алайда халықтың сатып алушылық қабілетінің, рыноктік қорларға қарағанда тез өсуі себепті біз мұндай қиыншылықтарға кездеспедік. Бірешыра аудандарда халықтың май, әсіресе сарымай жөніндегі қажеті әлі де толық қанағаттандырылмай келеді.

1952 жылы консерв өндіру соғысқа дейінгіден екі еседен аса ұлғайтылды, ал 1955 жылы үш есе ұлғайтылады, оның ішінде балық және ет консерві соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан 5 еседен аса көп шығарылады.

Қысқы маусымда халықты сүтпен жабықтаудың кемуіне жол бермеу үшін, қою және құрғақ сүт өндірудің маңызы барған сайын артауда. 1952 жылы қою сүт пен құрғақ сүт өндіру 1940 жылғыдан екі есе көбейді, ал бесжылдықтың аяғында 5 есе көбейеді.

Тамақ өнеркәсібінің басқа тарауларына қарағанда, қант өнеркәсібі немістердің оккупациясынан неғұрлым көп зиянданды. Соғысқа дейінгі 211 қант зауытынан 196 завод толық немесе ішінара қиыратылды, сөйтіп қант өндіру 1943 жылы соғысқа дейінгіден 20 есе дерлік кеміді.

мен мемлекет инспекторлары тексеріп, кәсіптік жасаған болуы үстіне, әйелдерді ауыр еңбектен құтқарып, үй тұрмысы жағдайында аз уақыттың ішінде дәмді тамақ даярлауға мүмкіндік береді.

Совет дәрігерлері ұлы ғалым Павловтың: «Дұрыс және пайдалы тамақ — мейілі шауып, рақаттанып ішетін тамақ екенін жұрттың бәрі біледі» деген сөзін әрдайым орынды дәлелге келтіріп отырады. Міндет тамақ өнімдерін тек көп шығаруда ғана емес. Тамақ өнімдерінің запасы және жұғымдылығы жақсы, сырт көрінісі көз тартатын, хош иісті, адам мейілі шауып, сүйсініп, шын мәнісінде рақаттанып ішіп-жейтін болу керек. (Ду қолшапалақтау).

Халықтың тамақтануын жақсарту және өнімді сақтауда оның шығын болуын азайту үшін елімізде тоңазытқыш шаруашылығын күшейтудің зор маңызы бар.

Біз бұл істе кәзірдің өзінде едәуір табыстарға жеттік.

Тамақ өнеркәсібінің тарауларында 1952 жылы тоңазытқыштардың жалпы сыйымдылығы 2 еседен аса артты, ал бесжылдықтың аяғында 1940 жылғыдан 4 есе дерлік артады.

Сауда орындарын машиналы тасызтқыштармен жабықтаудағы артта қалғандық тез жойылуда. 1948 жылы 1.650 осындай тоңазытқыш болса, 1952 жылы олардың саны 18 мыңға жеткізілді, ал бесжылдықтың аяғында сауда орындарында 40 мың машиналы тоңазытқыштар болды.

Көбінесе балық тасыйтын өздігінен жүретін кемелер флоты 1952 жылы соғысқа дейінгіден екі еседен аса, ал бесжылдықтың аяғында 3 еседен аса көбейтіледі.

Кәзіргі уақытта тоңазытқыш вагондардың саны соғысқа дейінгіден 40 процент көбейтілді, ал 1952 жылы 2 есе көбейтіледі.

Тамақ өнімдерінің сапасын сақтау және халық үшін қолайлы жағдай тұтыну үшін үй қажетіне пайдаланылатын тоңазытқыштардың зор маңызы бар.

Соғысқа дейін бізде мұндай тоңазытқыштар көптеп жасалмайтын. Кәзір бізде

Товардың аты
Нан
Ет
Сарымай
Сүт
Қант

1947 жылдың дейінгі уақыттың АҚШ-та 28 процент, Францияда е Совет Одағында нақыттың ішінде екі Еттің бағасы бұ АҚШ-та 26 процент, Францияда 8 Одағында еттің бағаді.

Капиталистік елша көп табу үшін монополиялар жалқалдырып, бағаның тын жүргізіп отыр саясат бағаның бақамтамасыз етуде.

Англияда, АҚШ-лизм елдерінде бағбекшілердің тұтыну азаюына бастайды-дәле. Англияның 1951 жылы азық-түрлерін тұтынуды дағы орташа мөлшмынадай кеміген: е сарымай 40 процент 46 процент, күріш процент, шай 23 п да сондай кеміген. бір аламға шаққанд кемуі жағдайды тол ні барлық адамның ді тұтыну тек жұмі кемиді. Англияның ленген жоқ, ол қаді.

Жанталаса қа Англия еңбекшілер онан сайын мықта кан империалистер Англияның, лейбор

Безінде А. И. Микоян сөйлеген сөзі

үлгі қамқорлығы арқасын (шапалақтау).

Совет Одағының халық-елдеріне берген ең жаңа ашина, жабдықтардың көбіден 10 есе артты.

Халықтық демократия елдеріне жабдықтар беріп отырып, арзанға түсетін техникалық көмек көрсетеді, қажеттілерді және өндірісін беріп отырады.

Халықтық демократия елдерінде болмаған және жола алмайтын, осы заңмен жабдықталған өнеркәсіптің жаңа таңдамалы мүмкіндік берді.

Қосалға алайық. Румыния мейлінше күшейтіп, мариіт өркендеген елге айтты Одағының туысқандық отырып, мұнай шығарушылықтың бәрін дерлік өзі және мұнай тазартуға аппараттарды жасап шығармай байлығы бар кішкентаймен бірге мұнай мұнайтын өз өндірісі болып е жүзіндегі бірден-бір мұнай байлығы ағыл-полияларының айуан түскен Латин Америка-сыс елдері мұндай жағдайда ете алмайды.

Капиталистік рынокте, оны кризисінің терең елдер арасындағы экономика қатты нашарлады. Мәдікке ұмтылған Құрашпациялық саясаты нашарлауын мұнан са- . Өзінің экономикасын-ықтардан ақпараттық

қандай түрі болса да американдардың басқа халықтарды тонап, қанауды күшейтуін бүркеуге арналған.

Жеңілген Батыс Германия мен Жапонияның дүниежүзілік рынокке қайтадан қосылуы жеңілген елдер мен соғыстан кейінгі олардың рыноктерін басып алған елдер арасындағы қайшылықты онан сайын шиеленістіруде.

Соғыстан кейінгі жағдайда империалистік елдер тәуелді елдермен екі арадағы баламасыз айырбасты онан сайын күшейтіп, олардың шикізаты мен азық-түлігін арзанға сатып алуда, ал өздерінің товарларын бұл елдерге үш есе қымбатқа өткізуде. Мысалы, Құрама Штаттар Чилидегі мысты, Беливиядағы қалайыны, Венесуэладағы мұнайды, Бразилиядағы кофеңі, Азия елдеріндегі каучукті монополиялық түрде тек өздері арзанға сатып алады, мұның өзі ол елдерде күшті наразылықтың тууына және американдардың дегенінен шықпайтын үкметтердің жиі-жиі ауысуына әкеп соғады. Мысалы, Сауд Аравия сының мұнайын емін-еркін иемденіп алған американо монополиялары шығарылған әрбір тонна мұнайдан 13 доллардан астам пайда түсіреді, ал бұл пайда мұнайдың өзіндік бағасынан 7 есе көп. Олар Орта Шығыстың басқа елдерінен де сондай көп пайда алуда, сөйтіп бұл елдердің халықтарына қайыршылыққа, қараңғылыққа ұшыратуда.

Үстем империалистік елдер кем дамыған елдердің экономикасын туншықтырып, оларды өздерінің аграрлық-шикізаттық шылауына және өтпей жатқан товарларын өткізетін рыноктерге айналдыруда. Сөйтіп капиталистік елдер арасында халықаралық еңбек бөлісінің жеке-жөке сипаты барған сайын күшеюде.

Бұған қарама қарсы жаңа дүниежүзілік рынок дұрыс негізде өсіп өркендеуде. Бұл рынок демократиялық лагер елдері ара-

Партияның XIX съезінің қарарларына, Сталин жолдастың тарихи сөзіне облыс еңбекшілері жанқиярлық еңбектерімен жауап беруде



Көземіміз И. В. Сталин жолдастың партияның XIX съезінің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзіне Петропавл паровоз депосының слесарі А. Зимин жолдас күнделік жұмыс нормасын 300 процентке дейін орындаумен жауап беруде.

СУРЕТТЕ: А. Зимин жолдастың паровозға кранды орнатып тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қажырлы еңбек

Шағыл совхозының алдыңғы қатарлы мал өсірушілері кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндетте-мелерді аброймен жүзеге асыру жолына

Көсем сөзі коммунизм үшін күрес жолын нұрландырады

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту жолында халқымыздың алдына жарқын болашақ ашатын аса маңызды мәселелерді қарап, бекітті.

Съезд делегаттарының баяндамалары мен сөздері, туысқан коммунистік партиялар мен жұмысшы партиялары өкілдерінің құттықтау сөздері совет халқының бүкіл прогресшіл адамзаттың біздің қуатты партиямызға және ұлы көсеміміз Носиф Виссарионович Сталинге деген шексіз сүйіспеншілігінің салтанаты болды.

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары туралы съезде қабылданған директивалар еліміздің халық шаруашылығын жаңадан күшті қарқынмен өркендеуге мүмкіндік береді және халқымыздың материалдық әл-ауқат дәрежесін одан әрі арттыруды қамтамасыз етеді.

Съезд директиваларында былай делінген: «Бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта (онжылдық) білім алуға көшу аяқталсын. Келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуды толық жүзеге асыруға керекті жағдайлар әзірленсін».

Жаңа бесжылдықта Сталин жолдастың инициативасы бойынша халық-ағарту саласында басқа да зор міндеттер қойылып отыр. Ол міндеттер аса маңызды



Партияның XIX съезінің материалдары мен жігерленген «Комсомолка» тігін фабрикасының жұмысшысы В. Шевелева жолдас күндік тапсырмаларды біржарым есе орындап жүр.

СУРЕТТЕ: В. Шевелева жолдастың жұмыс істеп жатқан кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Теміржолшылардың белсенділігі

Бұл күндері Петропавл станциясындағы аға вагон бақылаушысы Т. Трегубен

шаруашылық жағынан тез арада нығайтуға біз Сталин жолдастың көрегендік саясаты және оның Совет Одағы мен демократиялық лагердегі елдердің халықтары арасындағы достықты нығайтуға көрсетіп

елдерді дүниежүзілік рыноктан, тіпті Англия мен Францияның өз отарларынан да ығыстырып шығаруда.

Американың басқа елдерге «көмегінің»

алға, коммунизмнің жеңісіне қарай аяқ баса береді. (Ду қолшапалақтау).

Ұлы Сталиннің даңқы арта берсін! (Ұзақ, ду қолшапалақтау).

Облыстық ауылшаруашылық көрмесі ашылды

Бұрнағы күні, 19 октябрьде қалалық мәдениет және демалыс паркіне жұрт көп жыйналды. Олар өздері көптен асыға күткен облыстық ауылшаруашылық көрмесіне келді.

Парк облыстың социалистік ауыл шаруашылығының соңғы жылдардағы табыстарын баяндайтын әртүрлі көрсеткіштерге толы. Олардың ішінде дәнді, мәдени дақылдар жөніндегі көрсеткіштер ерекше көз тартады. Облысымыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері соңғы жылдарда, әсіресе, соғыстан кейінгі дәуірде егіншіліктің мәдениетін батыл көтеріп, дәнді дақылдардың шығымдылығын едәуір арттырды. Егін шаруашылығы павильонынан мұны айқын көруге болады.

Паркке кіре берісте оң жақта: партиямыздың XIX съезінің СССР-ны өркендетудің 1951 — 1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларынан алынған: «ауылшаруашылық жөніндегі басты міндет алдағы уақытта да барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, сонымен қатар, оның өнімділігін едәуір арттыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, өркендету жолымен егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін ұлғайту, ауыл шаруашылығында озат техника мен агрономиялық мәдениетті ендіру негізінде совхоздар мен МТС-тердің жұмысын жақсарту болып қала береді» деген жазу бар.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің председателі Оспанов жолдас ауылшаруашылық

көрмесін ашық деп жариялады. Ауылшаруашылық көрмесі, облыс еңбекшілерінің егін және мал шаруашылығын өркендетудегі қол жеткен табыстары жөнінде еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары Цимбал жолдас сөз сөйледі.

—Облысымыздың егін және мал шаруашылығы, — деді Цимбал жолдас, — барған сайын өркендеп, алға басуда. Ауыл шаруашылығы ғылыми және озат тәжірибе табыстарын өздерінің күнбе-күнгі жұмыстарында батыл қолданып, колхоздарымыз бен совхоздарымыз дәнді дақылдардың шығымдылығын едәуір арттырды, қоғамдық мал басын бір мезгілде, оның өнімділігін арттыра отырып өркендетуге жетісті. Мұны бүгін ашығалы отырған ауылшаруашылық көрмесінен айқын көруге болады.

—Біз табысқа мастанбаймыз, — деді одан әрі Цимбал жолдас. — Міндет — партияның XIX съезінің жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілгендей, социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беру, дәнді дақылдардың шығымдылығын мықтап арттыру, мал басын өсіріп, оның өнімділігін молайту. Мұндай күрделі міндетті ойдағыдай шешуде ауылшаруашылық көрмесінің маңызы өте-өте зор. Көрме облыстың ауыл шаруашылығының табыстарын насихаттайды, озат тәжірибе мен үлгілі істі баяндайды.

Көрмеге қатысушылардан бірінші болып Интернационал МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері П. Пономарев жолдас сөз сөйледі.

—Партиямыз бен үкметіміз, — деді ол, — социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуге күнбе-күн көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Бұған біздің облысымыздың егін және мал шаруашылығының алып адыммен өркендеуінің өзі толық дәлел. Егіміз жылма жыл комбайнмен ысырапсыз жыйналууда. Комбайн паркінің еңбек өнімділігі үздіксіз арта түсіп отыр. Мұның нәтижесінде облысымызда егін жыйнау жұмыстары түгелдей дерлік комбайнмен жыйналууда.

Мен егін жыйнауға маусымдық тапсырмамды жылма-жыл артығымен орындап келемін. Мұндай табысты еңбегім үшін маған Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ берілді. Комбайншылардың, біздің басты міндетіміз — егін жыйнауға комбайнның қуатын толық пайдаланып, егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнауға көмектесу. Көрмеде бұл жөнінде біз бір-бірімізбен тәжірибе ауысып, оны алдағы уақытта өндірісте батыл қолдануға тиістіміз.

Осы сыяқты көрме ашылар алдында еңбекшілер депутаттары Полудень аудандық Советі атқару комитетінің председателі Засынкин, Петропавл ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың ферма меңгерушісі Абрамов және Ново-Георгиевка МТС-нің директоры Штапаук жолдас сөз сөйлеп, өз аудаының, МТС және колхоз, совхоздарының ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде қол жеткен табыстары, көрмеге немен келгендігі туралы айтты.

Қала жұртшылығы облыстық ауылшаруашылық көрмесін зор ықпалмен көруде.

Колхозшылардың қуанышы

Молотов атындағы колхоздың үгітшілері егіс бригадалары мен мал фермаларындағы колхозшыларға партиямыздың XIX съезінің қарарлары мен И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзін кеңінен түсіндірді.

Үгітші Қазбек Зағыпаров жолдас өзінің соңғы бір әңгімесінде № 2 бригададағы мал өсірушілерге И. В. Сталин жолдастың съезде сөйлеген сөзі жарияланған газетті оқып берді. Мұнан кейін колхозшы әйел Қадияша Құсайынова жолдас бірінші болып сөз сөйледі.

—Біз, совет адамдары, — деді ол, — коммунистік қоғам орнату үшін күресте қажырлы еңбек етіп, табыстан-табысқа жете береміз.

Ә. МҰҚАНОВ.

Қоғамдық шар

Полудень ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары партияның XIX съезінің қарарларын зор қуанышпен қарсы алуда. Олар жаңа бесжылдықта колхозда егін және мал шаруашылығын мықтап өркендету үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, еңбек өнімділігін күннен-күнге арттыруда.

Колхозшылар келесі жылдың егісіне жоғары сортты тұқым дайындауда. Қолда бар 3 мың центнер тұқым қорының 2300 центнері кәзірдің өзінде шығымдылық сапаға жеткізілді. Тұқым тазартуда т. Бабко жолдас басқарған бригада жұмыс істейді. Олар норма бойынша бір сменада 150 центнер тұқым тазарту орнына 200 центнер тұқым тазартып жүр. Тұқым тазарту екі сменада жүргізіледі. Колхозшылар триер, «ВИМ» сыяқты дән тазалайтын машиналарды мейлінше тиімді пайдаланып, тұқымдық дәнді әрі тез, әрі сапалы тазартып келеді.

Колхоз алдағы жылы барлық егіс көлеміне сортты тұқым сепкеді отыр. Егіншілер осы арқылы дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі міндеттерді аброймен орындаудың негізін

ли Потапов тарға жігер мыздың, болмасы.

Тарихи селар өздеріне алып, мал етіп аяқтау. Кәзір олар мсын аяқтап жылқы қора

Жуырда лныс материал мұнда құры барған сайы

Сауыншы не алғап кө мен орындау етуде.

қаламақ. Егдың негізгі гілі ұйымдас зі қарарлары лар зябь л толық пайда ге жетуде.

XIX съезд жөніндегі д арасында ж Жаңа бесж ның мал ша кендету үші малды бағып өздеріне нақ мал қыстату Мұнда мал лары жеткі сымда малд көздеп, кол азығын түге алуға барлы Күн сайын центнер жем

Колхозда е луда. Бұл ж деттерді аброймен орындаудың негізін Олар съезд

а бір тобы

ы бағаға
туған,
Осын-
ірі қара
ын істе-
і шаруа-
ом, көп-
Шунило
барып
гельдері-
рта мек-
е Шуни-
с. Олар
колхозда
а бақ-
бригадир
маман-
басшы
бітірген
Оразов,
акең жол
колхоз
нындағы
иғадасы-
нбаев—
тындағы
өне егін
істеген,
ан. Бу-
ы. Үш
га түс-
га алыч
атериал-
Кравец,
емти
нға түс-
н кілеп
алды.
Оразов,
зор та-
анасы—

дыз», екінші дәрежелі Отан соғысы ордендері мен бірнеше медальдар мұның күесі. Армиядан келісімен Серікбаев жолдас колхозда есепші қызметін атқарған. Оқуға да осы қызметінен келген.

Бұл екеуі жолдастарынан қалыспай, сабақты жақсы оқыды, советтік агробиология ғылымының табыстарын жете үйренді, мектепте оқыған үш жыл мерзімішінде жүйелі білім алды. Отан соғысының бұрынғы жауынгерлері, кәзір колхоздың болашақ басшы кадрлары шешуші емтиханда сабақты ұқыпты оқып, тыпнақты білім алғандықтарын көрсете білді. Бұлар да Шунило, Оразов, Пішенбаев сыяқты жолдастарымен бірге, ауылшаруашылық орта мектебін ойдағыдай бітіріп, кіші агроном атағын алды да, туған облысына қызмет істеуге жіберілді.

—Петр Леонтьевич, —деді Сайдалин жолдас.—оқуды бітірдік, мақсатымыз жүзеге асты.

—Мектепте оқып, —деді оған Петр Леонтьевич, —білім алумен қанағаттанбауымыз керек. Біздің алдымызда әлі зор міндет тұр. Ол—алған білімді колхоз өндірісінде тиімді қолданып, социалистік ауыл шаруашылығының алып адыммен өрбіндеуін қамтамасыз ету мақсатына жұмсау. Біз—колхоздың басшы кадрларымыз. Сондықтан мұндай қасиет біздің әрқайсымызға міндетті түрде керек. Туған колхозымызға енді осындай оймен барамыз, достым.

—Большевиктер алмайтын қамал бар ма? Бұл міндетті де аброймен орындаймыз,—деп Сайдалин де Петр Леонтьевичтің ойын тұжырымдады.

Осы жығы 12 октябрде Петропавлдың колхоз председателдерін даярлайтын ауылшаруашылық орта мектебінде үш жыл оқығандар мемлекеттік емтихан тапсыруды аяқтады. Емтиханға қатысқан 81 оқушы түгел мектепті бітіріп, диплом алды, олардың барлығына кіші агроном атағы берілді. Оқуды бітіргендер өз об-

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 18 октябрь. (СОТА). Корея Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 18 октябрь күні былай деп хабарлады.

Өткен күні Корея Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге Шығыс майданның жекелеген участоктерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Қымхва ауданында дұшпанның екі батальонға жуық әскерлері оннан астам танктер және самолеттердің қолдауымен біздің әскерлеріміз алып тұрған биікке бес рет күшті атакалар жасады. Алайда, біздің әскерлеріміздің қарсылығына кездесіп, көп шығындарға ұшырап, дұшпан кейін шегінуге мәжбүр болды.

Американ авиациясы Кореяның бейбіт қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауда

ПХЕНЬЯН, 18 октябрь. (СОТА). Американдық авиациясы Корея Халық - Демократиялық Республикасының бейбіт елді пункттерін бомбалауда. Соңғы уақытта американдар Вонсан ауданын ерекше тапшылықпен бомбалауға ұшыратуда. 11 октябрь күні кешке американ самолеттері қалаға және оның төңірегіне жүздеген бомбалар тастады. Қалада және оның төңірегінде бірнеше ондаған адамдар қазаға ұшырап, көптеген тұрғын үйлер қыйратылды және өртелді.

Сол күні американ самолеттері Санок, Бэва және Аньден облыстарының аудандарына шабуыл жасады. Осы шабуылдардың салдарынан 200 ден астам бейбіт

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқылау отрядтары дұшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 5 самолетін зияндады.

ПХЕНЬЯН, 19 октябрь. (СОТА). Корея Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 19 октябрь күні былай деп хабарлады:

Өткен күні Корея Халық армиясының бөлімдері және қытай халық еріктілерінің отрядтары жекелеген участоктерде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқылау отрядтары дұшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 6 самолетін зияндады.

адамдар қазаға ұшырады. Олардың көпшілігі қарттар, әйелдер мен балалар; сол сыяқты, шаруалардың 150-ге жуық үйлері мен жер үйлері қыйратылып өртелді.

13. октябрь күні осы аудандар, сол сыяқты, Вонсан қаласы бомбалауға ұшырап, оларға пулеметтерден оқ жаудырылды. Халықтың арасында қазаға ұшырағандар бар.

Вонсан халқы Солтүстік Кореяның 70 қаласын жою жөніндегі өзінің зұлымдық жоспарын жүзеге асыра бастаған американдық жетелтердің адам жегіштік жауыздықтарына ыза-кек білдіріп, американдық жетелтерін қатал жазалауды талап етуде.

Американ агрессорлары соғыс тұтқындарына аюндық жасауда

ПАРИЖ, 17 октябрь. (СОТА). Француз әскер агенттігі тілшісінің Токиодан берген хабарына қарағанда, 17 октябрь күні Кочжедо аралындағы соғыс тұтқындары-

ның лагерінде американ охрнкасы корейлік және қытай соғыс тұтқындарының 15 аламын жаралаған.

ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ЖЕҢІСІ

ЛОНДОН, 18 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарлағанындай, Вьетнам Халық армиясының бөлімдері шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, Солтүстік Вьетнамның солтүстік-батыс бөлімінде Француз әскерлерінің ең ірі бекіністерінің бірі Нгиа-Лопы кескілескен ұрыстардан кейін бүгін алып, жаңа жеңіске жетті.

Агенттік Нгиа-Лодан айырылу 9 айдың ішінде Вьетнамда жүргізген ұрыстардан кейін француз әскерлерінің ең ірі жеңілісі екендігін атап көрсетеді.

ГОЛЛАНД СОЛДАТТАРЫНА ҚАРСЫ СОТ ШАРАЛАРЫ

ГААГА, 18 октябрь. (СОТА). «Ниве Гаагше Курант» газетінің хабарына қарағанда, Голландияның соғыс-дала соты голланд батальоны Кочжедо аралында болған кезде «Қытай және Кореяның соғыс тұтқындарына тілектестік білдіргені үшін» бірнеше солдаттарды тұтқын жазасына кескен. Кейбір Голландия солдаттары соғыс тұтқындарының жағдайын жеңілдетуге әрекеттенген. Кәзір сол үшін тұтқынға алынып, соғыс дала-сотына беріліп отыр.

ИСПАНИЯДАҒЫ ФАШИСТІН ТЕРРОР

ПАРИЖ, 18 октябрь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, жақын күндерде франкистік соғыс трибуналы Испанияның 3 антифашистік — Педро Ферндес Гонсалесті, Хорк Осет Паласионы және Хосе Авелино Мюносты өлім жазасына кескен.

Газет сол сыяқты, Испанияның бірігіп-кең, социалистік жастар одағының алған хатты хабарлайды. Ол хатта франкистік өкмет орындары жастардың осы демократияның ұйымының 42 мүшесіне сот қатал жазалар әзірлеп отырғандығы айтылған. Бұл жастар Барселон түрмесінде 1949 жылдың декабрінен бері қарай азап шегуде. Жас испан патриоттарына олардың Франконың фашистік режиміне қарсы, есгьсқа әзірлік саясатына қарсы және американдық империализмінің Испанияны

сұрақтардың бәріне кідірмей жауап береді. Ол мұның алдындағы мемлекеттік емтихан болған үш сабақтың үшеуінен өте жақсы деген баға алған болатын.

СУРЕТТЕ: Колхоз председателдерін даярлайтын орта мектепте механизация жөнінен мемлекеттік емтихан алынып жатқан кез. Емтихан тапсырып тұрған мектептің тыңдаушысы Қалтай Сайдалиев. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Пионерлер кестері

Петропавл қалалық комсомол комитеті-инициативасы бойынша жуырда пионер үйінде партияның XIX съезі күршіне кестер өткізілді. Пионерлер кестері қала коммунистері Ю. Зернивец және Чемаев жолдастарды шақырды. Күндізгі сағат 2-де пионерлер үлкеңге жыйналды. Кестер жанында жыйындардың барлығы қосылып Пионер үйінде орындалды.

Бірінші болып қалалық комсомол комитетінің секретары Баримова жолдас сөз сөзледі. Ол пионерлерге, Коммунистік партияның XIX съезі туралы, қала пионерлері мен мектеп оқушыларының съезге қатысуы жақсы және өте жақсы деген баға берілгендігін айтты.

Бұдан кейін қарт коммунист Ю. Зернивец жолдасқа сөз берілді.

—Менің жас шақтарым өсіме түседі, — деді ол. —Сіздер ол кезді тек кітаптан оқып білесіздер. Бізге, жас өспірімдерге жұмыстардың жыйналыстарына қатысу тегінен келетін. Ал, патша өкіметінің полицейлері мен жандардары ол жыйналыстарды құдалайтын.

Біз жиі- жиі коммунистердің жыйналыстарын күзетіп, бірер хауіп туа қалса олар туралы оларға хабарлап отыратынбыз.

1910 жылы мен социал- демократиялық партияға кіріп, мұнда шындап жұмыс істей бастадым. Прокламациялар мен листовкалар тараттым, мереке күндері арасында орталық көшелерге, тіпті полицейлік басқарма үйіне дейін қызыл наулар ілетімін.

Бұдан кейін Зернивец жолдас жасырын жыйналыстар мен маевналар қай жерде, қалай өткендігі туралы айтты.

Саяси әдебиеттер, листовкалар және прокламациялар таратқаны үшін Зернивец жолдас 3 жыл 9 айға тұтқынға қамалған болатын. Октябрь социалистік революциясы жас коммунисті тұтқыннан босатты.

Сөзінің соңында Зернивец жолдас еліміздегі балалардың бақытты өмірі туралы мәселеге тоқталды. Партиямыз бен үкметіміз, деді ол, —балаларға ерекше зор көңіл бөледі және оларды тәрбиелен оқыту үшін жыл сайын көптеген қаржы босатып отырады. Бұл қамқорлыққа оқушылар оқуды тек қана жақсы және өте жақсы оқумен жауап берудері керек.

Семен Маркелович Чемаев жолдасқа сөз берілді. Ол сөзінде патша армиясында 12 жыл бойына өзінің ауыр қызметте болғандығын және Октябрь революциясы күндерінде партизан отрядына көшкендігін, партизан отрядына 12-13 жасар балалардың қалай көмек көрсеткендігін айтты.

Бұдан кейін ол колхоз ұйымдастыру кезінде де оқушы пионерлердің ата- аналарының колхозға кіруіне көмектескендігін айтты.

Пионерлер қарт коммунистердің сөзін зейін сала тыңдады.

№ 3 қыздар орта мектебінің 5 класс оқушысы Людэ Большакович жауап сөз сөйлесі. Ол жыйналыстарды пионерлер мен оқушылар оқуды тек қана 4 және 5-ке оқытып болады деп сендірді.

А. РАМАЗАНОВ.

Студенттер тәжірибеде болды

Петропавлдың ауыл шаруашылығын механизациялау техникумының екі курсының студенттері оқытушы Т. Куксин жолдасының басқаруымен ауылшаруашылық жұмыстары жөнінен Петропавл ауданының Калинин атындағы колхозында тәжірибеде болып қайтты.

Жұмыспен танысу үшін біз егін жыйнап алынған алаңдарды, күздік егіс егілген жерлерді қарадық. Тәжірибе аяқталғаннан кейін 2 бригадала бөлініп, колхозда шаруашылық жұмыстарда істеуге кірістік. Алғашқы күннің өзінде екі бригаданың студенттері бастырылған егіннің сабағын жыйнап, 4 мая сабан үйді.

Тәжірибеде болған кезімізде біз колхоз өмірімен таныстық. Тәжірибе біздің оқуда алған білімімізді байытуымызға зор әсер етті.

Қ. ЖАПАРОВ,

Техникум студенті.

Жұмысшылар үшін пәтер үйлер

Приешім ауданындағы Қызылөскер совхозының дирекциясы жұмысшылар мен механизатор кадрлардың тұрмыстық қажетін өтеуге үнемі зор көңіл бөліп отырады. Үстіміздегі жылы мұнда жұмысшыларға арнап 2 бөлмелі 38 жаңа пәтер үй салынды.

Кәзір 40-тан астам жұмысшы семьясы жаңа пәтер үйлерге көшіп шықты.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

республикашыл жастар одағының төрт басшысын тұтқыннан дереу босатуды талап етуде. Көптеген жыйындар мен митингілер, демократияшыл ұйымдар мен олардың басшыларына қарсы бағытталған жазалау шараларына тыйым салуды парламент депутаттарынан талап ету үшін

триоттарынан петиция мен хаттар түсуде.

«Юманите» Ален Ле Леге, Менеге, Лоран мен Бака дейін саяси тұтқындар жағдай жасалынбай отырғандықтан теді.

Алжирдегі полицейлік жазалау әрекеті

ПАРИЖ, (СОТА). Франс прес агенттігі тілшісінің Алжирден берген хабарына қарағанда, коммунист партиясының Алжир, Константин, Бон, Сиди-бель-Аббес және Оран ұйымдарының үйлеріне полицейліктер тінтулер жүргізіп, әртүрлі документтерді конфискелеген. Бұл

документтер Алжирдің соғдыларына тапсырылған. Олар терді «мемлекеттің хауіп- қауіпін» деп аталатын іс бойынша жүргізу үшін Париждегі соғдының органдарына тоқтау

ҚЫТАЙ МЕН ИНДИЯ АРАСЫНДА САУДА ДОГОВОРЫНЫҢ ЖӘРМӘГЕ

ПЕКИН (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Қытай және Индия үкметтерінің өкілдері Пекинде сауда шартына қол қойған. Шарт бойынша Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметі Индия

үкметіне 50 мың тонна кәсіптік мұнай салған бесінші шарт. Мұнда шартқа осы жылы май айында қол қойылған болатын, онда Индия 100 мың тонна күріш сату көзде

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“ газеті

1953 жылға

жазылушылар қабылдау бастайды

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта бөлім, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхоз, совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің мезгілінд тұруын қамтамасыз етеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петрешев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орны — 1-87, редактордың көмекшісі — 1-88, редактордың көмекшісі — 1-89, редактордың көмекшісі — 1-90, редактордың көмекшісі — 1-91, редактордың көмекшісі — 1-92, редактордың көмекшісі — 1-93, редактордың көмекшісі — 1-94, редактордың көмекшісі — 1-95, редактордың көмекшісі — 1-96, редактордың көмекшісі — 1-97, редактордың көмекшісі — 1-98, редактордың көмекшісі — 1-99, редактордың көмекшісі — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе — 0-23.